

**«Көктем неткен керемет!» тақырыбында
республикалық интернет-байқауды қашықтықтан өткізу ережелері**

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог жұмыскерлері, сондай-ақ білім алушылары арасында **«Көктем неткен керемет!»** тақырыбында республикалық интернет-байқауды (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқаудың мақсаты – байқауға қатысушылардың шығармашылық қызметтерін дамытуға жағдай жасау, ұйымдардағы білім беру үдерісінде қолданылатын жаңа технологияларды қолдау.

3. Байқау міндеттері:

1) өңірлердің ерекшеліктерін, әлеуметтік мәдени ортасын, дәстүрлерін және инновациялық оқытуды ескере отырып, оқу үдерісінің мазмұны мен технологияларын жаңарту;

2) қоғамның адамгершілік және мәдени құндылықтарын қалыптастыру, сақтау және дамыту;

3) дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау.

4. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

5. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

6. Байқау **2016 жылғы 2 ақпан мен 3 мамыр аралығында** балаларға арналған **www.ziyatker.org** ғылыми-танымдық сайтында қашықтықтан өткізіледі.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес **2016 жылғы 25 сәуірге дейін rumcdo.koktem@mail.ru** электрондық поштасына қабылданады.

Анықтама телефоны: 8(7172)249 306, көркем-эстетикалық бөлім жетекшісі Асавбаева Рауза Байдрахманқызы.

8. **2016 жылғы 25 сәуірден** кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға қатысу үшін педагогтер – **3000 (үш мың) теңге, білім алушылар – 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төленеді.**

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

«Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК
(Резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

КНП 859

Кбе 16

АО БанкЦентрКредит

Төлемақы мақсаты: «**Көктем неткен керемет!**» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) сканерден өткізіп, **rumcdo.koktem@mail.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

10. Байқаудың қорытындысы және жеңімпаздар тізімі **2016 жылғы 3 мамырда** **www.ziyatker.org** сайтында орналастырылады.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

11. Жалпы, орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагог жұмыскерлері және білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатыса алады:

кіші жас санаты: 8-10 жас;

орта жас санаты: 11-14 жас;

жоғарғы жас санаты: 15-18 жас.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

педагогтер үшін:

1) «**Балаларға арналған үздік ойындар**». Балаларға арналып өткізілген ойындардың шеберлік сыныптарының AV, mp4 форматындағы, ұзақтығы 10 минуттан аспайтын, орыс және қазақ тілдеріндегі видеожазбалар қабылданады;

2) «**Көңілді үзіліс**». 6 беттен аспайтын ойын-байқаулар бағдарламаларының сценарийі, осы іс-шараның түсірілген 3-4 фотосуреттері қабылданады;

3) «**Көктем неткен керемет!**». Байқауға флешмобтардың видеожазбалары қабылданады;

4) «**Шабыт әлемі**». AV, mp4 форматында, ұзақтығы 3 минуттан аспайтын, орыс және қазақ тілдерінде орындалған әндердің, билердің, ойындардың, сахна қойылымдарының видеожазбалары қабылданады.

13. Байқауға тек жеке жұмыстар қабылданады.

14. Байқау жұмысының бас парағын толтыру реті. Байқау жұмысының бас парағы келесі ақпараттарды қамтуы керек:

- автордың аты-жөні;
- баланың жасы;
- облыс, аудан (қала) немесе ауыл;

- білім беру ұйымының атауы;
- байқаудың және номинацияның аталуы;
- байланыс телефоны.

15. Байқау өлшемдері:

- *Байқау тақырыбына сәйкес болуы;*
- *білім алушының жасына сәйкес болуы;*
- *сюжеттің түпнұсқалығы және авторлық ұстанымы;*
- *автордың елестету байлығы және шығармашылық тәсілі;*
- *байқау жұмысын сауатты және эстетикалық түрде ресімдеу.*

4. Байқаудың қорытындысыншығару және жеңімпаздарды марапаттау

16. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

17. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежелердегі дипломдармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары мына сілтеме бойынша жүктеп алу мүмкіндігімен <http://www.ziyatker.org/#!/c10hg> www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.